

Железин ауданы Алакөл ауылдық округінің Алакөл ауылының "Пахарь" шаруа қожалығы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин ауданы Алакөл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 ақпандағы № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 ақпанда № 7209 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Железин ауданы Алакөл ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Железин ауданы Алакөл ауылдық округі әкімінің 25.05.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Железин ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 1-13/433 ұсынысы негізінде, Алакөл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железин ауданы Алакөл ауылдық округінің Алакөл ауылы "Пахарь" шаруа қожалығы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында ірі қара мал арасында құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алакөл ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы

Т. Метлушко